БАҚЫЛАУ ӨЛШЕУ ҚҰРАЛДАРЫ

Бағдарламаның 2-ші аралық бақылауға арналған сұрақтары

Пәні: «ЖТД практикасындағы гериатрия»

Пән коды: ZhTDPG 6308

ББ атауы және шифры: «Жалпы дәрігерлік тәжірибе» 6B10112

Оқу сағаты/кредит көлемі: 120 сағ/4 кред

Оқу курсы: 6

Оқу семестрлері: 11,12


ШЫМКЕНТ 2025 ж.

Құрастырған асс. Жиен А.К.

Кафедра меңгерушісі
м.ғ.д., профессор Досыбаева Г.Н
«24» 08 2025 жаттама № 1

<question> 61 жастағы ер адам 3 апта бойы шаршау, диарея және іштегі ауырсыну туралы шағымданды. Ауырсыну тамақтан кейін күшейеді. Өткен аптаның ішінде күніне 4 рет сулы дәрет болған. Сондай-ақ, 6 күннен аузы мен қызыл иегіндегі ауру сезімі мазалайды. Левотироксин, метопролол, варфарин қабылдайды. 40 жыл бойы күніне 1 қорап темекі шегеді. Дене т 37, 9 ОС, PS 81/мин, АҚ 120/75 мм.с.б. Іштің оң жақ төменгі квадрантында пальпация кезінде жеңіл ауырсыну байқалады. ЖҚА: НВ 115 г/л, лейкоциттер - 11.8 х 109 \ л, тромбоциттер - 360. Колоноскопияда-казеозды емес гранулемалар және крипттің нейтрофильді қабынуы.
Қандай диагноз ең ықтимал?

<question> Ер адам 64 жаста. Жылдар бойы төс артындағы дискомфортқа және ауру сезіміне, қыжылға шағымданады. ФГДС жасағанда эпителидің метаплазия ошақтары анықталды (фото). Дамуы мүмкін асқынуды ерте анықтау үшін науқасқа қорытынды бақылауды қандай жиілікте жасау керек?



<question> Әйел 80 жаста. Соңғы алты айда дене салмағы 7 кг арықтаған,етке жиеркеніштік пайда болған. Анамнезінде - сазылмалы гастрит. Объективті: тері жабындысы бозғылт, пальпацияда іші жұмсақ. Қанда анемияның 2 сатысы анықталды, ЭТЖ 48 мм/сағ . Диагнозды нақтылау үшін қандай зерттеу жүргізу қажет?

<question> Науқаста бейспецификалық жаралы колит. 10 жылдан бері ауырады. Месалазинмен қолдаушы ем алады. Емдәм бойынша ұсыныстарды ұстанады, пробиотиктер қабылдайды, темекі шекпейді. Соңғы 2 жылда салыстырмалы ремиссия. Науқаста осы аурудың асқынуын ерте анықтау мақсатында қандай жоспарлы зерттеуді жүргізу керек?

<question> 62 жастағы ер адам 3 ай ішінде 3.6 кг салмақ жоғалту, шаршау жөнінде жүгінді. Оның әкесі тоқ ішек обырынан қайтыс болған. 35 жыл бойы күніне 1 қорап темекі шегіп, сыра ішкен. Өткен жылы-героин қолданған. Бойы 175 см, салмағы 71 кг, ДМИ=22.9 кг/м2. Склерасы сары, алақанның екі жақты қызаруы, кеуде мен арқадағы бірнеше телеангиоэктазия. Бауыры тығыз, түйін консистенциясы. ЖҚА: Hb 116 г / л, лейкоциттер - 9, 6х109\л, тромбоциттер - 223. Науқасты одан әрі бағалауда қандай нәтиже күтеміз?

<question> Әйел 80 жаста.Соңғы алты айда дене салмағы 7 кг кеміген, етке жиіркеніштік пайда болған. Анамнезінде созылмалы гастрит. Объективті: тері жабындысы бозғылт, пальпацияда іші жұмсақ. Қанда анемияның 2 дәрежесі анықталды, ЭТЖ 48 мм/сағ. Диагнозды нақтылау үшін жүргізілетін зерттеу:

<question> 74 жастағы әйел кісі әлсіздікке, ентігуге, эпигастрий аймағының жағымсыз сезімі мен тамақтан соң ауырлауына, сасық иісті кекіруге шағымданды. Об-ті: шамалы спленомегалия, тактиль сезімталдығының қол-аяқтарында төмендеуі. Анализдерінен: эр. 2,0 х

10^{12} /л, Нв 88 г/л, ТК 1,3; лейк. 3,2 х 10^9/л, тромб. 150 х 10^9/л, ретик. 0,2%, билирубин 42 ммоль/л (тікелей емес фракциясы 33 ммоль/л).
Диагнозын болжаңыз:

<question> 74 жастағы әйел кісі әлсіздікке, ентігуге, эпигастрий аймағының жағымсыз сезімі мен тамақтан соң ауырлауына, сасық иісті кекіруге шағымданды. Объективті: шамалы спленомегалия, тактиль сезімталдығының қол-аяқтарында төмендеуі. Жалпы қан анализі: эр. 2,0 х 10^{12} /л, Нв 88 г/л, ТК 1,3; лейк. 3,2 х 10^9/л, тромб. 150 х 10^9/л, ретик. 0,2%, билирубин 42 ммоль/л.
Қосымша тексерулерде болатын өзгерістердің барлығын таңдаңыз:
a) эндоскопияда – атрофиялық гастрит
b) миелограммада– мегалобласты қан түзілу
c) миелограммада–сүйек миының кеуіп қалуы
d) перифериялық қанда полисегментті нейтрофильдер
e) қан сары суында трансаминазалардың жоғарылауы

<question> 74 жастағы науқас әйел кісі әлсіздікке, ентігуге, эпигастрий аймағының жағымсыз сезімі мен тамақтан соң ауырлауына, сасық иісті кекіруге шағымданды. Объективті: шамалы спленомегалия, тактиль сезімталдығының қол-аяқтарында төмендеуі.Жалпы қан анализі: эр. 2,0 х 10^{12} /л, Нв 88 г/л, ТК 1,3; лейк. 3,2 х 10^9/л, тромб. 150 х 10^9/л, ретик. 0,2%, билирубин 42 ммоль/л.
Емге дәрмек таңдаңыз:
a) тардиферон
b) цианкобаламин
c) эритроцитарная масса
d) креон, панкрим
e) преднизолон

<question> Болжам диагнозын нақтаңыз: 65 жастағы ер кісі соңғы жыл барысында төс артының ауыруына, қатты тағамдарды жұтудың қиындауына (су ішіп басады) шағымданды, олардан басқа, кейде аузына тәуліктей бұрын жеген тағам қалдығы «қайтады». Дене салмағы қалыпты. Туыстары науқас аузынан жағымсыз иіс шығатынын айтты.

<question> 65 жастағы ер адамда мезгіл-мезгіл төс арты ауырады, ауырсыну тамақтан кейін және жатқан қалыпта күшейеді. Пациенттің айтуынша, ауырсыну жиі сол жақ жауырынға және қолға иррадиация береді. Нитроглицерин қабылдағанда жеңілдеу болмайды. ЭКГ зерттеуінде миокард ишемиясының белгілері анықталмаған. Клиникалық көрінісі стенокардияға ұқсайтын қандай ауруға тән?

<question> 63 жастағы науқасты ішінің кенет дамыған өткір ауырсынуы, артынша қосылған жиі құсу мазалайды. Үлкен дәретке отырмаған, желі шықпайды.Об-ті: жалпы жағдайы орта ауырлықта, мазасыз, дене қалыбын жиі алмастыруда. Дене қызуы қалыпты, пульсі 112 мин. Тілі ылғалды, іші кебіңкі (негізінен жоғарғы бөлігінде), пальпацияда жұмсақ, іш пердесінің тітіркенуі жоқ. Перистальтикалық шулары әлсіз. Жоғары тимпанит анықталды. Ректум арқылы тексергенде – патологиялық өзгерістер анықталмады. Дұрыс тұжырымды таңдаңыз:

<question> 63 жастағы науқасты ішінің кенет дамыған өткір ауырсынуы, артынша қосылған жиі құсу мазалайды. Үлкен дәретке отырмаған, желі шықпайды.Об-ті: жалпы жағдайы орта ауырлықта, мазасыз, дене қалыбын жиі алмастыруда. Дене қызуы қалыпты, пульсі 112 мин. Тілі ылғалды, іші кебіңкі (негізінен жоғарғы бөлігінде), пальпацияда жұмсақ, іш пердесінің тітіркенуі жоқ. Перистальтикалық шулары әлсіз. Жоғары тимпанит анықталды. Ректум арқылы тексергенде – патологиялық өзгерістер анықталмады. Дұрыс тактиканы таңдаңыз:

<question> Жетекші синдромдары мен кеңеске маман тағдаңыз. 62 жастағы зейнеткер, ер кісі, емханаға келесі шағымдармен келді: әл-дәрменінің, тәбетінің құруы, жүрегінің айнуы, тамақтан жиіркену, дене салмағын жоғалту. Бір жылдың ішінде 15 кг салмақ жоғалтқан. Об-ті: науқас өте жүдеу, тері жамылғылары құқыл. Бойы 172 см, дене салмағы 53 кг. Сол бұғана үстінде 2 см дейін үлкейген лимфалық түйін пальпацияланды. Пальпацияда ішінің эпигастрий аймағы ауырады, бұлшық еттің шамалы керілуі анықталды. Нв 100г/л, эр. $3,6x10^{12}$/л, ТК 0,84, лейк. $8,0x10^{9}$/л. ЭТЖ 42 мм/сағ.

<question> Болжам диагнозын анықтаңыз. 62 жастағы зейнеткер, ер кісі, емханаға келесі шағымдармен келді: әл-дәрменінің, тәбетінің құруы, жүрегінің айнуы, тамақтан жиіркену, дене салмағын жоғалту.Бір жылдың ішінде 15 кг салмақ жоғалтқан. Об-ті: науқас өте жүдеу, тері жамылғылары құқыл. Бойы 172 см, дене салмағы 53 кг. Сол бұғана үстінде 2 см дейін үлкейген лимфалық түйін пальпацияланды. Пальпацияда ішінің эпигастрий аймағы ауырады, бұлшық еттің шамалы керілуі анықталды. Нв 100г/л, эр. $3,6x10^{12}$/л, ТК 0,84, лейк. $8,0x10^{9}$/л. ЭТЖ 42 мм/сағ.

<question> Жетекші синдромдарын, кеңеске маман таңдаңыз. 63 жастағы ер кісі келесі шағымдармен келді: терісінің қышуы, сарғаюы, арқасына тарайтын, түнде күшейетін, эпигастрий аймағындағы ауырсыну, жүрек айнуы, тәбетінің төмендеуі, дене қызуының 38^{0}С дейін көтерілуі. Об-ті: дене салмағы кем, тері жамылғылары мен склерасы сары. ЖЖС 52 мин., АҚ 105/60 мм сын. бағ. Эпигастрий аймағында шамалы ауырсыну бар. Бауыры қабырға доғасынан 3 см шығыңқы, жұмсақ эластик консистенциялы, шеті доғал, беті тегіс. Ұлғайған өт қапшығы пальпацияланады, ауырсынуы жоқ (оң Курвуазье симптомы). ҚЖА: эр. $3,5x10^{12}$/л, гем. 80 г/л, түстік көрс. 0,7, лейк. $10,5x10^{9}$/л, ЭТЖ 38 мм/сағ. НЖА: түсі қара-қоңыр, билирубинге реакциясы оң.

<question> Болжам диагнозын таңдаңыз. 63 жастағы ер кісі келесі шағымдармен келді: терісінің қышуы, сарғаюы, арқасына тарайтын, түнде күшейетін, эпигастрий аймағындағы ауырсыну, жүрек айнуы, тәбетінің төмендеуі, дене қызуының 38^{0}С дейін көтерілуі. Об-ті: дене салмағы кем, тері жамылғылары мен склерасы сары. ЖЖС 52 минутына, АҚ 105/60 мм сын. бағ. Эпигастрий аймағында шамалы ауырсыну бар. Бауыры + 3 см шығыңқы, жұмсақ эластик консистенциялы, шеті доғал, беті тегіс. Ұлғайған өт қапшығы пальпацияланады, ауырсынуы жоқ (оң Курвуазье симптомы). ҚЖА: эр. $3,5x10^{12}$/л, гем. 80 г/л, түстік көрс. 0,7, лейк. $10,5x10^{9}$/л, ЭТЖ 38 мм/сағ. НЖА: түсі қара-қоңыр, билирубинге реакциясы оң.

<question> Дұрыс тұжырымды таңдаңыз. Белгілердің біреуі жуан ішек рагіне тән:

<question> Дұрыс тұжырымды таңдаңыз. Созылмалы панкреатиттік диареядағы нәжістің сипаты:

<question> 67 жастағы ер адам ВОП қабылдауында жиі және көп мөлшерлі, су бетінде қалқып тұратын, жылтыр майлы қабықшасы бар, сасық иісті нәжіске шағымданады. Анамнезінен: дене салмағының төмендеуін және майлы тағам қабылдағаннан кейін эпигастрий аймағындағы ауырсынуды байқаған. Ер адамда көп жылдық алкогольді шамадан тыс қолдану болған. Осы жағдайды түзету үшін қандай ем тағайындау қажет?


<question> Дұрыс тұжырымды таңдаңыз. 66 жастағы әйел, терісінің қышуына, сарғаюға, оң қабырға астының ауыруына, жауырын аралықтары терісінің қараюына шағымданып келді. Пигменттік дақтар 7 жыл бұрын көріне бастаған. Соңғы 3-4 жылда терісі қышиды, дерматологтардаға ем нәтиже бермеген. Анализдерінен: гипербилирубинемия, тікелей фракция есебінен, СФ, ГГТП көрсеткіштері жоғары.

<question> Дұрыс тұжырымды таңдаңыз. Қалтқы стенозының нақты клиникалық белгісі саналады:

<question> Дұрыс тұжырымды таңдаңыз. Дерттердің біреуі табиғи, ұзақ ағымында жуан ішектің рагімен жиі асқынады:

<question> 65 жастағы әйелді ішінің төменгі жағының толғақ тәріздес ұстамалы ауырсынуы мазалайды, ауырсынуы сегізкөзіне тарайды, іші кебеді, газдың бөлінбеуі, соңғы 4 тәулікте үлкен дәреттің болмауы көңілін алаңдатады. Науқас соңғы көптеген жылдар барысында іш қатуынан зардап шегеді.Об-ті: іші кебіңкі, пальпацияда шамалы ауырады. Перкуссияда жоғары тимпанит, “судың шолпыл” симптомы естілді. Тік ішек арқылы тексергенде: тік ішектің ампуласы бос, сфинктер босаңсыған. Сифонды клизма қоюға талпыныс жасағанда – сұйықтық көлемі 350 мл жеткенде, кері құйылды. Болжам диагнозы.

<question> 65 жастағы науқасқа ФГДС жасалды:
Асқазанның кілегейі қуқыл, сұр реңкілі. Қатпарлары жұқарған, өлшемдері кеміген, бір жерлерде байқалмайды да. Кілегей асты қабаты жақсы көрінеді. Асқазан қуысында бұлыңғыр сұйықтық бар. Эндоскоптың тубусы тиген жерлер тез қанағыш. Сіздің тұжырымыңыз:



<question> 70 жастағы науқасқа ФГДС жасалды:
Асқазанның кілегейі жұқа, қуқыл- сұр реңкілі, кілегейасты тамырлары жақсы көрінеді, қатпарлары жойылған. Асқазанның түбінде кілегейінің бұрыс пішінді, шектері иректелген, анық емес, өлшемдері 6х7 см дефект анықталды, шеттерінде қабынулық жұмалақ жоқ. Ойықтың түбі бұдыр, кір-сұрғылт жабындысы бар, шеттері ригидті. Асқазан қабырғасының деформациясы анық, қатпарлары жойылған, перистиальтикасы баяу. Сіздің тұжырымыңыз бен тактикаңыз:



<question> Егде жастағы науқаста қарттық (старческая) асқазан ойық жарасы анықталған. Төменде берілген препараттардың қайсысы қарттық асқазан ойық жарасын емдеуде ең аз көрсетілген?

<question> NSAID (стероидты емес қабынуға қарсы препараттарды) ұзақ уақыт қолданғанда асқазан-ішек жолының зақымдануына ықпал ететін «агрессивті» факторларды көрсетіңіз:

<question> А. есімді 69 жастағы науқас иштің жоғарғы бөлігіндегі сол жақ қабырға астына иррадиация беретін қарқынды ауырсынуға, тәбеттің төмендеуіне, кекіруге, жүрек айнуға шағымданады. Осындай ауырсынулар жылына 1–2 рет қайталанады. Төрт жыл бұрын өт-тас ауруына байланысты ота жасалған. Алты айдан кейін осыған ұқсас ұстама пайда болып, орташа айқын сарғаюмен және зәр амилазасының жоғарылауымен бірге жүрген. Қайта лапаротомия кезінде өт жолдарында тас анықталмаған. Соңғы жылдары айқын іш қатулар мазалайды. Қарау кезінде: склераның субиктеричтігі. Алдыңғы құрсақ қабырғасында операциялық тыртықтар. Холедохопанкреатикалық аймақта және Мейо–Робсон нүктесінде ауырсыну анықталады. Қан талдауы: лейкоциттер – $6,7\times10^9$/л, ЭТЖ – 18 мм/сағ. Қай аурудың өршуі болуы мүмкін?

<question> 65 жастағы науқас 4 ай бұрын басталған дисфагияға, айқын арықтауға шағымданады. Соңғы уақытта тамақ пен сұйықтық қабылдағанда төс артындағы ауырсыну, жөтел, цианоз кенеттен пайда болған. Сіздің алдын ала диагнозыңыз қандай?

<question> 60 жастағы науқаста 4 ай бұрын басталған дисфагия, айқын арықтау байқалады. Соңғы кезде сұйықтық пен тағам қабылдағанда төс артындағы ауырсыну, жөтел, цианоз кенеттен пайда болған. Алдын ала диагноз «Өңеш рагы, эзофаготрахеалды жыланкөздің түзілуімен». Пациентке қандай бастапқы диагностикалық әдіс жүргізілуі қажет?

<question> 60 жастағы науқаста 4 ай бұрын басталған дисфагия, айқын арықтау байқалады. Соңғы кезде сұйықтық пен тағам қабылдағанда төс артында ауырсыну, жөтел, цианоз кенеттен пайда болған. Алдын ала диагноз: «Өңеш рагы, эзофаготрахеалды жыланкөздің түзілуімен». Емдеудің ең қолайлы әдісі қандай?

<question> 69 жастағы ер адам бір жыл бұрын тоталды гастрэктомия операциясын өткерген. Операциядан кейін оны қатты қинайтын күйдіргі (изжога) мазалайды. Бұл симптомдарды азайтуға қандай препарат көмектеседі?

<question> 65 жастағы ер адам тамақтан кейін 1–1,5 сағаттан соң пайда болатын күйдіргіге, қышқыл кекіруге, іш қатуға, тамақтан кейін эпигастрий аймағында болатын дискомфортқа шағымданады. Симптомдар тамақ қабылдағаннан кейін біраз уақытқа басылады.
Объективті: іш жұмсақ, эпигастрий аймағында ауырсынғыш.
Қан талдауы: эритроциттер – $4,3\times10^{12}$/л, гемоглобин – 145 г/л, лейкоциттер – $5,2\times10^9$/л, таяқша

ядролылар – 10%, сегментті ядролылар – 62%, лимфоциттер – 23%, моноциттер – 5%, ЭТЖ – 8 мм/сағ.
Клиникалық хаттамаға сәйкес төмендегі препараттардың қайсысы ең орынды болып табылады?

<question> 67 жастағы ер адамда қатты тері қышынуы пайда болған, соңғы 1,5 жылда 18 кг салмақ жоғалтқан.
Объективті: астеник. Тері және склералар сарғайған, көптеген қасылған іздер, қабақтарда ксантелазмалар байқалады. Аяқтар мен сирақтарда «пергамент тәрізді» тері. Бауыр өлшемдері: 12×10×10 см.
Қан талдауы: Hb – 94 г/л, эритроциттер – $2,6\times10^{12}$/л, лейкоциттер – $7,9\times10^{9}$/л, тромбоциттер – 139×10^{9}/л, ЭТЖ – 39 мм/сағ.
Биохимия: жалпы белок – 33 г/л, холестерин – 8,8 ммоль/л, креатинин – 152 мкмоль/л, жалпы билирубин – 181 мкмоль/л, тікелей – 160 мкмоль/л, АЛТ – 59 Е/л, АСТ – 48 Е/л, сілтілі фосфатаза – 722 Е/л.
Алдын ала диагноз қандай?

<question> Науқас К., 67 жаста, тамақтан кейін 25–30 минут өткен соң пайда болатын эпигастриялық ауыру, ауа шығару (көкеш), соңғы бір айда салмақ жоғалтуы (3 кг) туралы шағымданады. Анамнезінен: аурудың алғашқы белгілері үш жыл бұрын күзде пайда болған (эпигастрий аймағында ауыру тамақтан кейін 30–40 минуттан соң басталған, науқас өздігінен но-шпа мен альмагель қабылдаған, қысқа әсерімен), тексерілмеген, ауырудың маусымдық сипатқа ие екенін байқаған (көктем және күз). Қарау кезінде: тері жабындысы бозғылт, таза. Іш жұмсақ, эпигастрийде бұлшықеттердің орташа кернеуі, локалды ауырсыну. Бауыр, көкбауыр ұлғаймаған. Қан анализі: Hb – 118 г/л, эритроциттер – $4,0\times10^{12}$/л, түсті көрсеткіш – 0,85, СОЭ – 15 мм/сағ. ФГДС: өңеш өзгермеген, кардия толық жабылады. Асқазан ауа арқылы жақсы ашылады. Кішкентай қисықта 6×8 мм жара, шишықты, қабынған жиектері бар. Жараның тереңінде қан ұйығы бар. Он екі елі ішек луковицасы өзгермеген. Жиектерінен алынған биопсия жасалды. Гистологиялық зерттеу: атрофиялық гастрит, эпителийде ішек метаплазиясы, жара шеттерінде созылмалы қабыну белгілері бар. Helicobacter pylori аз мөлшерде анықталды. Ең ықтимал диагнозды атаңыз:

<question> Әйел, 68 жаста, асқазанның қатты күйіп-қышуы, кеудедегі кеуде сүйегінің жанындағы ауырсыну, асып-тасу кезінде пайда болу, ауыздағы ащылық, денені еңкейткенде күшеюі туралы шағымданады. Өткізілген тексерулер мен тағайындалған емнен кейін жағдайы жақсарды. Әйел 2 апта бойы омепразол, алюминий фосфаты, фамотидин қабылдады, бұл оның жағдайын айтарлықтай жақсартты. Бұл клиникалық көрініс қай ауруға тән?

<question> 67 жастағы науқас жалпы тәжірибелік дәрігер қабылдауында алдымен қатты тағамды, кейін сұйықтықты жұту кезінде біртіндеп қиындауын, соңғы бірнеше айда салмақтың едәуір төмендеуін, кеуденің артындағы кезеңдік ауыруларды, тамақтану кезінде жөтел және еріндердің көгеру эпизодтарын айтып шағымданады. Объективті: тері жабындары мен көрінетін шырышты қабаттары бозғылт. Пульс 92 соққы/мин, АД 130/80 мм рт.ст. Іш жұмсақ, пальпация кезінде ауырсынусыз, бауыр мен көкбауыр ұлғаймаған. Алдын ала диагноз:

<question> 65 жастағы ер адам соңғы 3 ай бойы қатты тағамды жұтуда қиындықты байқайды, соңғы айда тек жартылай сұйық тағамды қабылдай алады, салмағы 6 кг азайды. Өңештің

рентгенологиялық зерттеуінде оның ортаңғы бөлігінде 6 см ұзындықта толтыру дефектісінен туындаған тарылуы анықталды. Диагнозды нақтылау үшін ең алдымен қандай зерттеу қажет?

<question> Жалпы тәжірибелік дәрігер қабылдауында 76 жастағы ер адам қатты және сұйық тағамды жұтқан кездегі қиындықтардың үдей түсуіне, қорытыла қоймаған тағамды құсуға, ауа шығаратын тұрақты қайтару мен езулерге шағымданады. Қарау кезінде салмақтың азаюы, тері жабындарының бозғылттығы, дауыстың қатаюы, сол жақтағы кілегей мен мойын лимфа түйіндерінің ұлғаюы байқалады. Ауруы бір жыл бойы созылып келеді. ЭФГДС кезінде: өңештің ортаңғы бөлігінде шеңберлі тарылу, қабырғалары қатты, тарылған жерде – қанаққан ойықтар. Диагнозыңыз:

<question> 67 жастағы әйел, оң жақ қабырға астында ұстама тәрізді ауырсыну және құсуға шағымдана отырып жеткізілді. Бұрын УДЗ кезінде өт қабында тастар анықталған. Қарау кезінде іш қатты, оң қабырға асты аймағында ауырсыну бар. Кера симптомы оң. Осы жағдайда ең ықтимал алдын ала диагноз:

<question> 70 жастағы ер адам ВОП қабылдауына нәжіс актісінен кейін қан кету (ағын тәрізді), кейде анальды каналда қышу сезімі туралы шағымданды. Анамнез бойынша: 2 жыл бойы ауырады, тұрақты түрде шам қолданады. Пер ректум қарағанда: 11 сағат позициясында 1,5х2,0 см көлемінде жұмсақ-эластикалық консистенциядағы, жанасқанда ауырады, ішек жарысына аз ғана шығып тұрған түзіліс анықталды. Осы жағдайда Сіздің алдын ала диагнозыңыз:

<question> Пациент П., 68 жаста, клиникаға дене қызуы 38°С дейін көтерілетін, оң жақ подвздошной аймақта тартқыш ауырсыну, бір рет құсу, қан қоспасымен 10-15 рет диарея туралы шағымдармен келді. Анамнез бойынша: бірнеше рет амбулаторлық ем алған. Қанда: лейкоцитоз 11,2х10^{12}, таяқша нейтрофилдер 26%, СОЭ – 22 мм/сағ, эозинофилдер – 0. Осы пациентте ең ықтимал алдын ала диагноз:

<question> Қартаюшы адамда жоғары физикалық белсенділіктің әсерінен түрлі органдар мен жүйелердің функциясында болатын өзгерістер, организмнің ерте қартаю процесіне кедергі жасайды:

<question> Ересектердегі нефротикалық синдромның ең көп таралған түрі:

<question> 67 жастағы ер адам ВОП қабылдауына бел аймағындағы ауырсыну, зәр шығару жиіленуі, тоңу туралы шағымдарымен келді. Анамнез: жиі ЖРВИ-мен ауыратыны белгілі. Шамамен 2 жыл бойы төменгі іштің бәсең ауырсынуын кейде субфебрильді температурамен сезеді; кейде зәр шығару ауырсынумен жүреді. Қарағанда: дене қызуы 37,8°С. Шеткері ісіктер жоқ. Өкпеде тыныс везикулярлы, қақырық жоқ. ҚДД – 19 рет/мин. Жүрек үндері айқын, ырғақты. Пульс – 78 рет/мин. АД – 110/70 мм с.б. Ішек жұмсақ, барлық бөлімдерде пальпация кезінде ауырсыну жоқ. Бауыр мен көкбауыр ұлғаймаған. Сілкілеу симптомы сол жағында оң. Зәр шығару – күніне 8 рет, түнде 3 рет, ауырсынумен. Осы науқасты жүргізуде келесі қадам қандай?

<question> 64 жастағы науқаста созылмалы панкреатит кезінде күшті ауырсыну синдромы байқалады. Осы ауруда ауырсынуды жеңілдету үшін келесі препараттардың қайсысы ұсынылмайды?

<question> Созылмалы панкреатиттің өршуін диагностикалаудағы ең құнды зертханалық көрсеткіш:

<question> Қарт науқас ВОП қабылдауында бел аймағында ауырсыну, зәр шығарудың жиілеуі және кейде ісіктер туралы шағымданады. Лабораториялық зерттеулерде лейкоцитурия, бактерийурия және цилиндрурия анықталды. Төмендегілердің қайсысы қарт және егде жаста жиірек кездеседі?

<question> Созылмалы гломерулонефриттің терминаль сатысына тән протеинурия:

<question> Егде және қарт жаста бүйректің жедел жетіспеушілігінің себептеріне жатпайды:

<question> Бүйрек зақымдалуының жоғарғы қатер топтарына жататын науқастар:

<question> Келесі дәрілік препараттар бүйрек зақымдалуының жоғарғы қатерін тудырады.

<question> Ең нефротоксиндік антибиотиктерге жататын топтар:

<question> Нефроздық синдромның клиникалы-лабораториялық симптомдарына жатпайды:

<question> Төмендегілердің қайсысы нефротикалық синдромның клиникалық-лабораториялық белгілеріне жатпайды?

<question> Егде және қарт жастағы адамдарда созылмалы гломерулонефриттің гипертониялық түрінде САГ бақылауға тағайындалатын дәрмектік топ:

<question> Егде және қарт жастағы адамдардағы бүйректің созылмалы ауруы дамығанда АҚ бақылау мақсатында қолданылады:

<question> Қарт науқастарға, артериялық гипертензия мен қант диабеті бір уақытта кездескенде, келесі препараттардың қайсысын қабылдауға ұсынылады?

<question> 75 жастағы ер адам симфиз үстіндегі қатты және кернеуші ауру сезіміне, әлсіздікке, тәулік бойы сирек зәр шығаруына шағымданады. Анамнезінде: 1 сатылы артериялық гипертензия, 2 типті қант диабеті, қуық безінің қатерсіз гиперплазиясымен диспансерлік есепте тұрады. Үнемі емделеді. Объективті: тері жамылғысы бозғылт, ылғалды. Жүрек тондары тұйықталған, ырғақты, пульс минутына 100 соққы, артериялық қысым 160/90 мм рт. Перкуторлы қуық үстінен 10 см-ге жоғарыанықталады.
Қандай іс-шара болып табылады бірінші кезектегі қажет.

<question> 69 жастағы ер адам. АГ есепте тұрады. АҚ бисопрололдың 10 мг/тәу. бақыланады.АҚ ең жоары деңгейі 180/105 мм сын бағ. НЖА тұрақты протеинурия (0,066-0,132) анықталды; қан креатинині қалыпты; ШФЖ/СКФ 115 мл/мин. Науқастың диагнозына өзгеріс енгізіңіз: АГ 3 дәр., қауіп тобы 3 (жасы, жынысы, СҚГ, МАУ).

<question> 64 жастағы, инсулинге тәуелді қант диабеті бар ер адам, жөтелден, шығуы қиын, тұтқыр, желе тәрізді қақырық бөлінуден шағымданады. Объективті: айқын интоксикация,

ентігу, өкпеде аз мөлшерде хрипы. Рентгенологиялық зерттеуде сол өкпенің жоғарғы бөлігінде гомогенді массивті инфильтрация, деструкциялық ошақтармен анықталды. Қан анализі: лейкоциттер – 5,4 тыс, СОЭ – 35 мм/сағ. Қай препарат осы науқасты емдеуде тиімдірек?

<question> Ер кісі 64 жаста, 5 жылдай уақыт АҚҚ 150-160/90-95 мм.с.б дейін жоғарлайды. Қант диабеті 2 типті, диабетон қабылдайды. Объективті: сол жақ шекарасы сол жақ бұғана ортаңғы сызығымен. Өкпесінде везикулярлы тыныс. Жүрек тондары наық,ритімді. ЖСЖ- 80 рет мин. АҚҚ- 160/94 мм.с.б. Сарысудағы холестерин -6,0 ммоль /л, сарысудағы креатинин - 75 мкм/л, қандағы қант -5,4 ммоль/л. МАУ-100мг тәулігіне. Антигипертензияқ дәрмекті таңдаңыз.

<question> 70 жастағы ер адам соңғы 6 ай ішінде аяқ-қолдың ауырсынуына және құрысуына байланысты жүгінді. Симптомдар 500 м артық жүргенде күшейіп, тыныштықта өтеді. Анамнезінде 2 типті қантдиабеті. 50 жыл бойы күніне 1 қорап темекі шегеді. Алкоголь ішпейді. Метформин мен аспирин қабылдайды. Балтыр аймағындағы дене температурасының төмендеуі анықталды.
Бұл науқасты жүгізу тиімді тактикасын таңдаңыз.

<question> Скрининг кезінде 63 жастағы ер адамда шөлдеу, аузының құрғауы шағымдары анықталды. Қарап тексергенде:бойы 176 см, салмағы 84 кг. ДМИ 27,1. Қанда: глюкоза ашқарынға 6,7 ммоль/л. Келесі кезеңде қандай зерттеу жүргізілуі керек ?

<question> 72 жастағы әйел, анамнезінде миокард инфарктісі, қант диабеті. Талдауда: холестерин - 5,97 ммоль/л, ТТЛП - 4,53 ммоль/л, ТЖЛП - 0,98 ммоль/л, триглицеридтер - 2,24 ммоль/л, атерогенділік коэффициенті - 5,09. 10 жылдық SCORE көрсеткіші ≥10% есептелген. Дәрігер аторвастатинді тағайындады. ҚР ДСМ 03.10.2019 ж. "артериялық гипертензия" хаттамасына сәйкес ТТЛП (УД – I В) деңгейін қай нысаналы деңгейге дейін төмендету қажет?

<question> Әйел 65 жаста, үнемі шөлдеуге, аузының құрғауына, жалпы әлсіздікке шағымданып келді. Анамнезінен: 2 жыл бұрын жедел панкреатитке байланыста ота жасалған. Қарап тексергенде іші жұмсақ. ауру сезімінсіз. Құрсақ қуысының УДЗ көкбауыр өлшемі қалыпты, патологиялық түзіліс жоқ. Жедел панкреатиттің асқынуын анықтауға қандай лабораторлық зерттеу мүмкіндік береді?

<question> Ер адам 62 жаста, анамнезінде инсульт, қант диабеті бар. SCORE шкаласы бойынша 10 жылдық риск - ≥10%. Антигипертензиялықі терапияны қабылдайды. Ауруды басқару бағдарламасына қатысады. «Медициналық-санитариялық алғашқы көмек көрсету ережелері мен алғашқы медициналық-санитарлық көмек ұйымдарына қосылу ережелеріне» сәйкес осы науқасқа БМСК дәрігерлік тексеруден өту жиілігі қандай?

<question> Әйел 65 жаста, үнемі шөлдеуге, аузының құрғауына, жалпы әлсіздікке шағымданып келді. Анамнезінен: 2 жыл бұрын жедел панкреатитке байланыста ота жасалған. Об-ті: іші жұмсақ, ауырсыну сезімінсіз. Құрсақ қуысының УДЗ көкбауыр өлшемі қалыпты, патологиялық түзіліс жоқ. Жедел панкреатиттің асқынуын анықтауға келесі лабораториялық зерттеу мүмкіндік береді.

<question> 65 жастағы ер адам шөлдеу, жиі зәр шығару, әлсіздік, салмақ жоғалту туралы шағымданады. 3 жыл бұрын медициналық тексеру кезінде қандағы қант – 7,5 ммоль/л

анықталған. Назначено: метформин 500 мг және диета. Бойы 176 см, салмағы 72 кг. Гликемиялық профиль: аш қарынға – 12,4 ммоль/л, күн ішінде – 18 ммоль/л дейін. Қант диабетінің компенсациясын анықтау үшін қандай көрсеткіш ақпаратты болады?

<question> 50 жастағы ер адам артық салмақ, жалпы әлсіздікке шағымданады. Қарағанда: артық тамақтану, ДМИ (ИМТ) 32 кг/м². Зерттеу кезінде: гликемия – 10 ммоль/л, гликирленген гемоглобин – 8,4%. Патогенетикалық терапияның мақсаты қандай?

<question> 68 жаста науқас салмағының жоғарылауын, терлегіштіктің азаюын, бет терісінің домбығуына шағымданды. Эндемиялық аймақта тұрады. Об-ті: бойы 158 см, салмағы 89 кг. Терісінде көк жолақтар жоқ, айқын гиперкератоз. Беті домбыққан, көздері ісінген. ЖЖС56 мин. АҚ 150/90 мм сын. бағ. Қанда глюкоза 3,3 ммоль/л. Клиникалық жағдайды болжаңыз, тиімді емді таңдаңыз:

<question> 64 жастағы дене салмағы артық әйел, 2 типті қантты диабетке байланысты сиофорды 500 мг/тәу. қабылдайды; 1200 ккал/тәу. калориялық емдәм ұстанады. Оң қабырға астының ауырсынуы мазалайды. Ашқарында гликемиясы 9,0-9,5 ммоль/л. АҚ 140/80 мм сын. бағ. Бауыры қабырға доғасынан 3-4 см шығыңқы. Дәрігердің тактикасын анықтаңыз.

<question> Емханаға 70 жастағы қантты диабетпен ауыратын әйел жеткізілді. Екі тәулік бойына құсу мен шөл, титықтаған, тері мен кілегейлі қабаттары құрғақ, баяу, тежеліп сөйлейді, кейбір бұлшық еттерінің тартылуы көрінеді. Бауыры ұлғаймаған. Гликемия 35 ммоль/л, несепте ацетон жоқ. Іші «тыныш». ЭКГ: синустық тахикардия, коронарлық бұзылыстар жоқ. Клиниканың бұлай басталуы келесі комаға тән:

<question> 65 жастағы ер кісіде 2 типті қантты диабет, ЖИА, АГ бар. Тәулігіне 1000 мг метформин, 2 рет 2 мг глимепирид қабылдайды. Соңғы айларда аяқ бастарының ісінуі мен бұлшық еттерінің ауыруы пайда болды, жалпы жағдайы ауырлады. Жағдайының ауырлау себебін келесі анализ анықтап береді:

<question> 68 жастағы, 8 жылдан бері қантты диабетпен дертті, антигипергликемиялық дәрмектер қабылдайтын, ер кісіде, туыстарының айтуынан соңғы 7 күнде полиурия, полидипсия, әлсіздік, ұйқышылдық біртіндеп дамыған. Об-ті: санасы жоқ, беткей арефлексия, жиілеген тыныс (ацетон иісі жоқ). Терісі құрғақ, көз алмаларының тоеусы төмен. Өкпесінді везикулалық тыныс, сырылдар жоқ. АҚ 90/70 мм сын. бағ. Іші жұмсақ, ауырмайды. Қан анализінен: гипергликемия 55ммоль/л; плазманың осмостығы 380мосм/л (N 320 жоғары емес). НЖА: глюкозурия, ацетон жоқ. Сіздің тұжырымыңыз:

<question> 68 жастағы ер кісіде гипергликемия анықталды. Об-ті тексергенде: бет әлпеті өзгерген – мұрыны, құлақтары, төменгі жақ сүйектері мен қол және аяқ бастары ұлғайған. Бас ми сауытының рентгендік суреттерінде: бас сүйегінің күмбезі, қарақұсының төмпектері қалыңдап, түрік ершігі кеңіген. Соматотропты гормон продукциясының жоғарылауы нақталды. Болжам диагнозыңыз:

<question> 65 жастағы, дене салмағы артық әйелде аш қарынға гликемия деңгейінің артқандығы нақталды: 6,9 и 7,2 ммоль/л. Келтірілгендерден ең мүмкін диагнозын болжаңыз:

<question> Жалпы дәрігерлік практика дәрігері, 69 жастағы бойы 160 см, ал дене салмағы 84 кг әйелде ашқарынға тапсырған анализінен глюкозаның 6,9 ммоль/л деңгейін анықтады. Осы жағдайдағы дәрігерлік тактика:

<question> 65 жастағы дене салмағы қалыпты ер кісі ЖДП дәрігерінде қантты диабеттің 2 типінен медикаменттік емес шаралармен ем алады. Емдәмді салауаттандыру нәтиже бермеді, гликемиясы тәулігіне 10 до 15 ммоль/л., несебінде өзгерістер жоқ. Төмендегі келтірілген дәрмектерден нәтижелісін таңдаңыз:

<question> 2 типті қантты диабеттің компенсациялану критерийлеріне жатады:

<question> 65 жастағы ер кісінің бойы 160 см, салмағы 105 кг. Шағымдары жоқ. Ашқарындағы глюкоза деңгейі 6,2 ммоль/л. Науқасты жүргізу тактикасын таңдаңыз:

<question> 64 жастағы әйелде 2 типті қантты диабет 10 жыл көлемінде бар. Соңғы 2 жылда АҚ 150/90 мм сын. бағ. Тексергенде: НЖА патология жоқ, МАУ екі рет анықталған. Антигипертензиялық дәрмекті таңдаңыз:

<question> 69 жастағы ер кісі 20 жылдан бері қантты диабетпен дертті. Макро-, микроангиопатиялық асқынулары, сонымен қатар, нейропатиясы бар. Диабеттік нейропатияның ауырсынулық түріне тән емес белгіні таңңдаңыз.

<question> 64 жастағы пациентте 2 типті қантты диабет экссудатты фазадағы нейропатиялық жарамен асқынған. Осы жараның жергілікті емінде қолданады –

<question> 64 жастағы, дене салмағы артық ер кісіде екі рет гликемияның ашқарындағы 8,9 және 10,9 ммоль/л дейін жоғарылауы анықталды. Емхананың эндокринологі қантты диабеттің 2 типін тұжырымдады. Диабеттің бұл типінің патогенездік емінің мақсаты:

<question> 80 жастағы науқас. Стационарға түскен кездегі шағымдары: әлсіздік, тершеңдік, жүргенде ентігу. 2 айдан бері жоғары қызба, әлсіздік мазалады, антибиотиктер мен сульфаниламидтер (бисептол) қабылдады. Объективті: жағдайы ауыр, ентігу, тері жабындысы айқын. Перифериялық лимфатүйіндері үлкейген. Өкпесінде әлсіз тыныс. Жүрек тондары тұйықталған, тахикардия, пульсі 112 рет минутына. Бауыры қабырға доғасымен, ауырмайды. Зерттегенде ЖҚА-де: эрит-3,1:10/л, гемоглобин-90 г/л, ТК-0,9, лейкоцит-22,1:10/л, т/я-0,5%, с-5%, лимф. 80%. ЭТЖ - 18 мм/сағ. Сіздің диагнозыңыз?

<question> 68 жастағы науқас. Бірнеше жылдар бойы тұрақты терінің қышуымен дерматологта бақыланды. Соңғы жылдары АҚҚ 200/100 мм.с.б. жоғарылағанын, терісінің күрең-көкшіл түсті болғанын, сүйектеріндегі ауыру сезімін байқады. 16 жасынан бастап темекі шегеді, таңертең аздаған қақырықпен жөтел мазалайды. Объективті: өкпесінде қатаң тыныс, бірен-саран сырылдар. Жүрек тондары тұйықталған, ӨА үстінде II тон акценті. Бауыры қабырға доғасынан 2 см төмендеген, көкбауыр 9 см төмен. Зерттегенде ЖҚА: эрит - 9,5:10/л, гемоглобин - 200 г/л, лейкоцит - 12,8Х10/л, э-6%, т/я- 7%, с- 45%, л- 14%, м- 10%, тромбоцит - 364,4Х10/л, ЭТЖ- 1 мм/сағ, гематокрит -75%. Сіздің диагнозыңыз?

<question> 72 жастағы науқас стационарға түскенде әлсіздікке, тершеңдікке, субфебрильді температураға шағымданып түсті. Соңғы жылдары салқын тиіп ауыру жиі мазалады, бір жыл бұрын пневмониямен асқынған ауыр вирусты тұмаумен ауырды, соңғы 6 айда арықтады, ішінде ауырлау сезімі пайда болды, әлсіздік үдеді. Объективті: арық, тері жабындысы бозғылт сарғаюмен. Бұршақ көлемді мойын лимфатүйіндері анықталады, ауырмайды, қозғалмалы. Тыныс алу және жүрек-қантамыр жүйелері бойынша патология жоқ. Бауыры қабырға доғасынан 1,5 см төмен, пальпацияда сезімтал, көкбауыр сол қабырға доғасынан 10 см төмен, тығыз, ауырмайды. ЖҚА: эрит - 2,3Х10/л, гемоглобин - 74 г/л, ретикулоцит - 18%, лейкоцит - 15Х10/л, э-1%, л- 80%, м -1%, тромбоцит - 100Х10/л, Этж 48 мм/сағ. Билирубиннің тура емес фракциясы жоғарылаған. Сіздің болжама диагнозыңыз?

<question> 65 жастағы салмағы артық әйел тәбетінің жақсы болуына қарамастан салмағының азаюына, жыныс органдарында қышынуға, түнде зәрге жиі шығуына шағымданады. Сіздің диагнозыңыз.

<question> 65 жастағы семіз әйел науқас жақсы аппетитіне қарамастан салмақ жоғалту, жыныс органдарында қышу, түнде жиі зәр шығару туралы шағымданады. Қай әдіс арқылы диагнозды растай алмаймыз?

<question> 74 жастағы науқас, жалғыз тұрады. Ентігу және әлсіздікпен қаралды. Объективті: тері жабындысы мен көзінің шырышты қабаты бозғылт-сарғыш түстес, беті, аяқтары ісінген. Перифериялық нейропатия белгілері (ишиалгия, парестезиялар). Тілі таза, ашық қызыл түсті. Тахикардия, 110 мин. Жүрек тондары анық, барлық нүктелерде жұмсақ систолалық шу. Сіздің диагнозыңыз.

<question> 69 жастағы ер адам тәбеті жақсы болғанмен "себепсіз" салмағының жоғалтуына, кейде дене қызуының 38-38,5С жоғарылауына, физикалық күш түскенде шаршағыштыққа шағымданады. Бұрын ауырмаған. Объективті қарағанда сыртқы пішіні жас көрінеді, тахикардия, мерцательді аритмияның пароксизмі жазылған. Бірінші орындағы параклиникалық зерттеу қандай?

<question> Қант диабетінің 2 типімен (инсулинге мұқтаж кезеңі) ауыратын егде жастағы әйел кетоацидоздық комамен реанимация бөлімшесінде жатыр. Объективті: есі жоқ, жарыққа көзінің жанарының реакциясы сақталған, гиперрефлексия. Терісі құрғақ, тургор төмендеген. ТЖ- 26 мин. Ацетон иісі. Гликемия 22 ммоль/л, рН-7,1, калий 3,3 ммоль/л. Аталған емнің қайсысын қолдануға болады?

<question> Жақында тұмаумен ауырған және кетоацидоздық комамен стационарға түскен науқасқа шұғыл шаралар жүргізілді.Бірақ, лабораториялық көрсеткіштерінің жақсаруына (гликемия 7,8 ммоль/л, түскен кезде 26,6 ммоль/л, рН 7,52, түскен кезде - 2,7 мэкв/л) қарамастан, науқас терең кома жағдайында. Команың себебін анықтаңыз.

<question> 69 жастағы әйелге 10 жыл бұрын тиреоидэктомия жасалған. Эутирокс 50 мкг/тәу.қабылдайды. Соңғы жылы жағдайы нашарлады. Жүрек тұсында жүрген кезде ауыру сезімі, ентігу пайда болды. Салмағын қосты. Шашының түсуі күшейді, терісі құрғақ, кешке қарай аяғында ісінулер бар. Объективті: бойы 171 см, салмағы 98 кг. Терісі құрғақ, салқын.Беті ісінген, балауыз тәрізді, ксантоматоз байқалады, ерні көгерген. Қол басында, жіліншігінде,

табанында ісінулер. Ісінулер тығыз. Шаштары құрғақ, сынғыш.Алақандары сарғыш. Пульсі 56 мин, ырғақты. Жүрек тондары әлсіреген, әлсіз везикулярлы тыныс. Бауыры қабырға доғасынан 3 см төмен, сезімтал. АҚ 150/70 ммсын.бағ. Қандағы холестерин 8,3 ммоль/л (қалыпты 3,9-5,2). FT4-9,0 нмоль\мл (10,5-22), ТТГ-8.0 ХБ\мл (0,2-2,9).ЭКГ: барлық тісшелерінің вольтажы төмендеген. Болжам диагноз қойыңыз.

